

Skype қолдаумен микрофоны бар камера

Пайдалану нұсқаулығы

CMU-BR200

Қазақ тілі

Сони Оверсиз С.А.
Представительство в Казахстане
050059 Алматы, улица Иванилова,
д. 58 050059 Алматы қаласы,
Иванилов көшесі, 58 ұй

- Өнімді ұзақ уақыт пайдалану кезінде теледидар не өнім қызып кетуі мүмкін. Дегенмен, бұл ақаулық емес.

Skype қолдаумен микрофоны бар камераға қолдау көрсету

- Skype қолдаумен микрофоны бар камерасын жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Кетпейтін дақтарды жылы су мен жұмсақ сабыннан жасалған ерітіндіге малынған шүберекпен сүртуге болады.
- Химиялық заттармен өңделген шүберекпен сүрткен кезде, міндетті түрде орамындағы нұсқауларды орындаңыз.
- Еріткіш, спирт немесе бензин сияқты күшті ерітінділерді пайдаланбаңыз.

Skype қолдаумен микрофоны бар камераны қайта өңдеу



Қызмет мерзімі біткен электр және электрондық жабдықты залалсыз жою (бағыттама қалдықтарды бөлек жинау жүйелері жұмыс істейтін Еуроодақ және басқа еуропа елдерінде қолданылады)

Құрылғыдағы немесе оның орамындағы бұл белгі бұл құрылғыны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге залалсыз жоюға болмайтынын білдіреді.

Сақтандыру

Жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін осы қауіпсіздік нұсқауларын оқып шығыңыз.

Ескерту

- Skype қолдаумен микрофоны бар камераны ешқашан бөлшектемеңіз.
- Skype қолдаумен микрофоны бар камераға Судың немесе басқа бөтен материалдың кіруіне жол бермеңіз.

Сақтық шаралары


- Камераның линзасын ұстамаңыз.
- Өнімді пайдалану кезінде USB кабелін теледидардан ажыратпаңыз.
- Бұл өнімді сілкімеңіз не құлатпаңыз.
- Бұл өнімді жоғары температурада не күшті магниттік өрістің жанында пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны шаң, бу, су немесе түтін шығатын жерлерде қолданбаңыз.

Skype қолдаумен микрофоны бар камераны реттеу


1 Теледидардың жоғарғы бөлігіне тіркеу.

Ескерту

- Теледидардың артқы жағындағы вентиляция қуыстарын бұл өніммен жаппаңыз.



2 Кабельді тесікке жалғаңыз.



3 Теледидарға қосыңыз

USB кабелін теледидарға немесе қосылған жабдықтың USB портына жалғаңыз.




Өнімді теледидардың алдына орнату

Өнімді теледидардың алдына орнатуға болады.


Ескерту

- Өнімді теледидар динамиктеріне тым жақын қоймаңыз.



Кеңес

- Өнім суретте көрсетілген бұрыштар аясында орнатуға болады.



Skype қызметін пайдалану

Бұл мүмкіндік бейне және дауыс қоңырауларын жасауға мүмкіндік береді.

Ескерту

- Skype арқылы төтенше қоңыраулар жасалмайды. Skype қарапайым телефонды алмастырмайды және төтенше қоңырау жасауға қолданылмайды.
- Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін теледидар жылдамдығы жоғары қосылым арқылы Интернетке қосылған болуы керек.
- Дауысты немесе бейне қоңырау сапасына интернет қосылымының жылдамдығы әсер етуі мүмкін. Сымсыз байланысты пайдалану кескінді немесе дыбысты нашарлатуы мүмкін.
- Басқа бағдарламалар пайдаланылып жатқанда, Skype қол жеткізгісіз болуы мүмкін.
- Skype желісіне тіркелу мен кіру және Skype желісінде дыбыстық қоңыраулар мен бейне қоңыраулар тегін. Мобильді телефондарға және жердегі Skype Credit желісі арқылы соғылатын төменгі бағадағы басқа Skype қызметтеріне тіркелуі қажет етіледі.
- Skype қызметі туралы қосымша ақпаратты келесі веб-тораптан қараңыз: <http://www.skype.com/>
- Мәселе туындаған жағдайда, теледидардың нұсқаулығын пайдаланыңыз.
- Теледидардағы Skype жүйесіне бұрыннан бар Skype есептік жазбасымен кіру кезінде ақаулар пайда болса, анықтама және ақпарат алу үшін www.skype.com/support сайтына кіріңіз. Қосымша шешім ретінде теледидар арқылы жаңа Skype есептік жазбасын жасауға болады.



Skype қызметін іске қосу

Skype бағдарламасын іске қосу

Бас мәзір > [Бағдарламалар] > [Барлық бағдарламалар] > [Skype] түймесін басы арқылы Skype бағдарламасын қосуға болады. Алғаш рет Skype бағдарламасын қосқан кезде лицензиялық келісімді қабылдау және көрсетілетін мәзірге байланысты аймақ параметрін енгізу сұралады.

Ескерту

- Егер теледидарға жалғағаннан кейін өнімді пайдалану мүмкін болмаса, теледидардың бағдарламалық жасақтамасының соңғы нұсқасын алыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту үшін теледидардың электрондық нұсқаулығын (i-Manual) пайдаланыңыз.

Skype есептік жазбасын жасау

Қалауыңыз бойынша бұрыннан бар Skype есептік жазбасын пайдалануға немесе жаңасын жасауға болады. Есептік жазба жасау үшін, көрсетілген мәзір қадамдарын орындап, [Skype Name], [Password] және электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз. Есептік жазбаны жасап болғаннан кейін, жүйеге кіру автоматты түрде жалғастырылады және көрсетіледі.

Ескерту

- [Skype Name] және [Password] мәліметтерін есте сақтаңыз.

Skype жүйесіне кіру

Жүйеге кіру үшін, [Skype Name] және [Password] мәліметтерін енгізіп, көрсетілген мәзір қадамдарын орындаңыз. Skype қызметіне теледидарды қосқанда автоматты түрде кіретіндей етіп орнатуға болады.

Skype қызметі арқылы қоңырау соғу

Контактілер тізіміне қосу

Контактілер тізіміне Skype және телефондағы контактілерді қосуға болады. Skype контактін қосу үшін, [Tools], [Find Contacts] пәрменін таңдаңыз. Орнатқаннан кейін, көрсетілген мәзір қадамдарын орындаңыз.

Қоңырау шалу

[Contacts] немесе [Тарих] қойындысынан контактіні таңдаңыз. Көрсетілген мәзір қадамдарын орындап, керекті қоңырауды жасаңыз.

Контактіні, сондай-ақ, [Find Contacts] тармағынан іздеуге болады.

Қоңырауды қабылдау

Skype қызметіне қосулы кезде қоңырау қабылдағанда, дисплейде жауап беру мәзірі көрсетіледі. (Үзілмейтін Интернет қосылымы қажет.)

Көрсетілген мәзір қадамдарын орындап, қажет болса қоңырауға жауап беріңіз.

- Skype қызметіне қосулы болсаңыз, қоңырауды теледидар қосулы болғанда да қабылдай беруге болады.
- Теледидар өшірулі немесе Skype қызметі ажыратулы болса, қоңырауды қабылдау мүмкін болмайды.

Техникалық сипаттамалары

Қуат жеткізілуі

Тұрақты ток 5 В, ең көбі 500 мА

Өлшемі (шамамен)(Е x б x д (мм))

62 мм x 25,5 мм x 50 мм

Салмағы

88 г

Жұмыс істеу температурасы

0°C - 40°C

Линзалары

F/2.0; Көрініс аймағы (К) 51,75° (HD режимінде)

Кескін құрылғысы (ажыратымдылығы)

CMOS Sensor (1280 x 720)

Шығыс пішімі

Ең жоғ. 1280 x 720 (HD*)

* Шығыс пішімі қосылған жабдықтарға немесе Интернет қосылымына байланысты болады, және HD құрылғысымен үйлесімді болмауы мүмкін.

Кадрді ауыстыру жылдамдығы

HD режимінде 30 кадр/сек, VGA режимінде 30 кадр/сек

Микрофон

2 бір бағытты микрофон

Интерфейс

USB 2.0

Қосалқы құралдар

Жұмыс істеу нұсқаулары (1)

Дизайны мен техникалық сипаттары ескертусіз өзгертіледі.

Авторлық құқық

Бұл өнімге SkypeKit 3.7 © 2003-2012, Skype Patents Pending Skype жатады, қатысты сауда белгілері мен логотиптері және "S" логотипі Skype компаниясының сауда белгілері болып табылады. Бұл өнім сынақтан өтіп, дыбыс пен бейне сапасына қатысты біздің белгілі стандарттарымызға сай болғанымен, ол Skype, Skype Communications S.a.r.l. немесе басқа да қатысты компаниялар тарапынан мақұлданбады.